


## БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталығы» МКҚК  
басшысының м.а Ж.Амиргалиев

  
«25» 01 2025 ж.

### «STEM олимпиада» қалалық олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу ережесі

#### 1. Жалпы ережелер

1.1. «STEM олимпиада» олимпиадасы (әрі қарай — Олимпиада) мұғалімдердің шығармашылық және зерттеу қабілеттерін дамыту мақсатында өткізіледі.

1.2. Олимпиада 2025 жылдың 14 ақпанында сағат 10:00-де №105 орта мектеп базасында, Астана қаласы, Ұлытау көшесі, 48 мекенжайында өтеді.

<https://go.2gis.com/j5wjA>.

1.3. Олимпиадаға қатысушылар — Астана қаласы мектептерінің информатика, физика және көркем еңбек пәні мұғалімдерінен жасақталған командалар.

Әр мектептен бір команда қатысады (команда құрамында бір информатика, бір физика және бір көркем еңбек пәнінің мұғалімі болуы тиіс).

1.4. Олимпиадаға қатысу үшін өтінішті <https://share.kz/gqvD> тіркеу сілтемесі арқылы 2025 жылдың 7 ақпан сағат 18.00-ге дейін жіберу қажет. Мерзімінен кешіктірілген өтініштер қабылданбайды.

#### 2. Мақсат - міндеттері

2.1. Олимпиаданың негізгі мақсаты — мұғалімдердің STEM саласындағы кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

2.2. Олимпиаданың міндеттері:

- STEM оқытудағы тәжірибе мен үздік практикалармен алмасу;
- Білім беру үдерісіне инновациялық оқыту әдістері мен жобаларын енгізуді ынталандыру;
- STEM мектеп оқыту жүйесіне интеграциялау бойынша жобалар немесе идеялар әзірлеу және ұсыну;
- Тәжірибе алмасу үшін мастер-класстар өткізу.

#### 3. Олимпиада қатысушыларына қойылатын талаптар

3.1. Киім үлгісі: біркелкі киім үлгісі және ауыстырып киетін аяқ киім.

3.2. Әр команда да желілік ұзартқыш (сетевой фильтр) болуы қажет.

#### 4. Олимпиаданы өткізу тәртібі

Олимпиада 4 кезеңде өтеді:

##### I кезең: STEM

- Әр команда математика, физика, информатика және көркем еңбек пәндері бойынша тест сұрақтарына жауап береді.



- Тест 20 сұрақтан тұрады, жауап командмен берілуі тиіс.
- Тапсырманы орындауға арналған уақыт — 10 минут.

### **II кезең: ИНТЕЛЛЕКТУМ**

- Әр команда логикалық тапсырмаларды орындайды және оларды тез орындауға тырысады.
- Тапсырманы орындауға арналған уақыт — 5 минут.

### **III кезең: ИНЖЕНЕРИЯ**

- Тапсырма жарыс барысында жарияланады. Қатысушылар өздерінің шығармашылық және инженерлік дағдыларын көрсетіп, берілген құралдарды пайдаланып, мәселені шешуі керек.
- Тапсырманы орындауға арналған уақыт — 35 минут.

### **IV кезең: ЖОБАЛАРДЫ ҚОРҒАУ**

Бұл кезеңде алдын ала дайындалған жобалар конкурсқа ұсынылады. Әр команда өз жобасын қорғауы қажет.

Бағалау критерийлері:

- шығармашылық;
- креативтілік;
- ерекшелігі;
- функционалды;
- эстетикалық көрінісі.

Қатысушыларға ережелерді түсінуге көмектесу үшін бейнемазмұндар дайындалды:

[https://www.youtube.com/watch?v=kEFwaP4\\_6FM](https://www.youtube.com/watch?v=kEFwaP4_6FM)

<https://www.youtube.com/watch?v=TDNay0tvnLY>

[https://www.youtube.com/watch?v=Kg\\_QzQF1Rrk](https://www.youtube.com/watch?v=Kg_QzQF1Rrk)

## **5. Жүлделер мен марапаттар**

5.1. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері диплом, медаль және кубокпен марапатталады.

5.2. Олимпиадаға қатысқан барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.